

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Күз ханзадасы мен ханшайымы»

(ересек тобы)

Өткізген: Топ тәобиешілері

2023-2024 оқу жылы

«Күз ханзадасы мен ханшайымы»

Мақсаты: Күз туралы балалардың дүниетанымдарын дамыту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Әр баланың юойындағы қасиеттерін дамыту, әр-түрлі жағдайдан шыға білу, өнерін көрсету, сахна мәдениетін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр төгіп, -дей келе орталарыңызда сіздердің қошеметтеріңізбен «Балбөбек» ересек тобының бүлдіршіндері.

Хор «Алтын күз»

шыға білу, өнерін көрсету, сахна мәдениетін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Алыстардан желдетіп,

Жаңбырлатып, селдетіп,

Шаттандырып біздерді

Берекелі күз келді

Шатыр тікті сары алтын

Шартараптың бәрі алтын

Алып келді мереке

Астық, жеміс береке

Батырлыққа жараса

Көбейді той тамаша

Армысыздар құрметті тәрбиешілер, ата-аналар, бүлдіршіндер ! Бүгінгі «Балбөбек» ересек тобында ұйымдастырылып отырған «Күз ханзадасы мен ханшайымы сайысына хош келдіңіздер!

Армысың асыл халқым ақ жүректі

Баласына арнаған ақ тілекті

Сыңға түсер достары арасында

Жансын ләйім бәрінің жұлдыздары , -дей келе ортаға Ханзадамен
ханшайымыздарымызды ортаға шақырайық!

1жұп Жақсылық Парасат Мұқанбетқали Айназ

2жұп Марат Иманнұр Жұбандық Айдана

3жұп Айтенов Ақсұңқар Жанболат Іңкәр

(Реттік нөмірін тандау)

Жүргізуші:

Кімдер жүйрік өнерпазды білейікші

«Ханзада мен Ханшайым» деп жүрейікші

Әділқазы алқасынан әділдікті

Ал балаларға сәттәйлікті тілейікші, - дей келе сайысымызға әділ бағасын
беріп, төрелік жасайтын қазылар алқасымен таныс болайық

Жүргізуші:

Қайсы әнші, кім биші

Талабына қарайық

Кімдер зерек , кім жылдам

Таланттарын табайық, - деп өнер сүйер қауымды бүгінгі сайыстың
шарттарымен таныстырып өтейік.

1-бөлім. «Тегімді менің сұрасаң» Таныстыру

2-бөлім «Өнерлі бала-елдің көркі» Өнер сайысы

3-бөлім «Сұлулық сыры» Сән үлгісі

4-бөлім «Өнерлі саусақтар» Үй тапсырмасы

Жүргізуші:

Ақыл көрік бойларына жетеді

Әлі талай сынақтардан өтеді

Мына отырған баршаңызды өздерімен

Тез арада таныстырып өтеді.

Сайысымыздың бірінші бөлімі «Тегімді менің сұрасаң...» Ендеше сайыскерлерімізді ортаға шықрайық

Жүргізуші:

Ән салыңдар күліндер

Жайнап гүлдей жүріндер

Күздің тойын тойлайық

Себет биін билейді

Балбөбектің қыздары деп ортаға қыздарымызды «Себет» биімен шақырамыз

Би «Себет»

Ал кімнің өнері бар қаншалықты

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға

Сайыскерлер аянбай жан салыпты, - деп өнер сайысына кезек берейік

(сайыскерлер өз өнерлерін көрсетеді)

Жүргізуші:

Күзде өздері пісетін

Тамаққа кеп түсетін

Көкеністер ортада

Би билейді тамаша Ортаға «**Көкеністер**» биімен ұлдарымызды шақырамыз

Жүргізуші:

Сымбатына сән киім жарасатын

Аспандағы айменен таласатын

Өнеріне сай келіп дайын тұрған

Ханзадамен Ханшайымға қызығып қарасатын

Ендеше келесі сайысымыз «Сән үлгісі» Ортаға қатысушы бүлдіршіндерімізді шақырамыз.

Рахмет жұптарымызға керемет сән үлгісін ұсынғандары үшін.

Ендеше жұптарымыз келесі сайысқа дайын болғанша ортаға «Балбөбек» тобының бүлдіршіндерін «Пісте» биімен ортаға шақырамыз

Ендігі соңғы сайысымызғада келіп жеттік «Қол өнері» Жұптарымыз бірігіп қол өнерінен біздерге өздерінің жасаған бұйымдарын ұсынбақшы. Ендеше бәріміз тамашалайық.

Келешекте әлі талай жарыстар бар

Өнерлерің шыңдалсын қалыспандар

Өнерлілер көбейсін күннен күнге

Қатысуда бір жеңіс, болсаң ұғар

Ендеше құрметті көрермендер «Күз Ханзадасы мен Ханшайымын анықтау үшін қазылар алқасының шешімін күтеміз. Қазылар алқасы өз жұмыстарын аяқтағанша ортаға жігіттерімізді «Саңырауқұлақ» биімен ортаға шақырамыз

